



Өскемен қаласы

02.11.2018 ж.

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2018 жылғы 2 қарашада Өскемен қаласында республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізеді.

Бүгінде адам капиталы, инновациялық ойлау Қазақстанның басты құндылықтары болып табылады. Қазіргі жағдайда мектептегі білім аясында іске асырыла бермейтін салалардағы балалардың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты білім беру қызметі маңызды орын алуда.

Үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауында көрсетілген мемлекеттік бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған мәселелерді талқылау жоспарлануда.

Бұл - жаңа ақпараттық технологияларды қолдану, ерте кәсіптік диагностикуаны ескере отырып, барынша талап етілетін мамандықтарға оқушыларды әрі қарай бағдарлау, балаларға арналған қосымша білімнің қолжетімділігі мен сапасы, қосымша білім берудегі ғылыми-білім беру және шығармашылық ортаны құру, педагогтердің статусы мен кәсіби шеберліктерін арттыру.

Өзекті мәселелерді талқылауға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, «Нұр Отан» партиясы филиалының, кәсіпкерлер палатасының, Шығыс Қазақстан облысы жергілікті атқарушы органдарының, жоғары, техникалық және кәсіптік, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысады.

Республикада 1287 мектептен тыс ұйымдар, жалпы білім беретін мектептерде 62 мыңнан астам үйірмелер мен секциялар жұмыс істейді. Балаларды қосымша біліммен қамту 77,6% құрайды. Балалардың сабақ тыс уақытын 70 мыңға жуық қосымша білім беру педагогтері (мектептен тыс ұйымдардың 19 мың педагогі және 50 мыңнан астам мектеп педагогтері) қамтамасыз етеді.

Отырыс барысында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру аясында балалар мен жастарды шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамытуға ықпал ететін, ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі дағдыларын қалыптастыру, білім алушылар арасында ұлттық тарихты, өлкетануға, мәдениетке қызығушылығын дамыту, қазақстандық сәйкестік пен патриотизмді қалыптастыру бойынша ең жақсы жұмыс тәжірибесі ұсынылады.

Үйлестіру кеңесіне қатысушыларға басқа өңірлерден келген әріптестерімен тәжірибе алмасуға, Өскемен қаласының жетекші білім беру мекемелерінің, өңірлік жаңа технологиялар орталығының, оқушылар сарайының, техникалық шығармашылық станциясының, сонымен қатар танымал ғалымдар мен практиктердің сынып сағаттарына қатысуға бірегей мүмкіндік туып отыр.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың маңызды аспектілерін талқылау баланың дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыру құқығын, оның кәсіптік бағдарлануын, әртүрлі мүдделерге сай болуын қамтамасыз ететін болашақ басымдықтарды айқындауға, сабақтан тыс іс-шараларға оларды ынталандыру әлеуетін дамытуға көмектеседі.

Үйлестіру кеңесінің қатысушылары қорытынды ұсынымдар әзірлейді. Үйлестіру кеңесінің материалдары www.ziyatker.org сайтында еркін қолжетімділікте қарау үшін орналастырылады. Қосымша ақпарат бойынша мына телефондар арқылы хабарласуға болады: +7 (7172) 64-27-22; e-mail: rumcdo_nton@mail.ru